

6 Тамыз
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КЕШЕГІСІ МЕН БҮГІНГІСІ

ОБЛЫСТА ЕҢ КӨП ҮЙ - ОЙЫЛ АУДАНЫНДА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА БОЙ КӨТЕРУДЕ. АУДАН БОЙЫНША 177 ҮЙ САЛЫНУДА, 130 ДАЙЫН ҮЙ САТЫП АЛЫНҒАН. ҚАРАТАЛ НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНА ҰШЫРАҒАН. КЕНЕТТЕН КЕЛГЕН ҚАРҒЫН СУДАН 210 ҮЙДІ БАСЫП ҚАЛДЫ.



Қазір жарамсыз күйге түскен 131 баспананың орнына жаңасы салынып жатыр. Шатырлары жабылып, терезесі мен есігі салынып, үйлердің ішін әрлеу, сылау жұмыстары жүріп жатыр. Ал 61 отбасы дайын үйге көшкен. Сондай-ақ 18 отбасының баспанасы жөндей жатқан

дықтан, өтемақы төленді. Қазір тасқынның салдарын жою ісі қарқынды жүріп жатыр. Көктемгі су тасқыны кезінде тұрғын үйлермен қатар, әлеуметтік нысандар, бөгеттерге де зақым келген болатын. Облыс аумағында орналасқан 206 гидротехникалық құрылымның 15-і қираған. Су тасқынының салдарын

жою үшін қазіргі уақытта қажетті жұмыстар жүргізілуде. Гидроқұрылыстар бойынша барлық процестерді жеделдету, сондай-ақ 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында қауіптің алдын алу шаралары қолға алынған. Сонымен қатар өңірде 58 көлік инфрақұрылымын қалпына келтіру жоспарланып отыр.

Бұзылған жолдарды жөндеу және реконструкциялау үшін ҚР Үкіметінің резервінен 10,2 млрд теңге, облыстық резервтен 6,4 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта сараптама нәтижелері күтілуде. Барлығы 100 су өткізгіш құбырды, 23 көпірді, 47,2 км жолды салу және жөндеу жоспарда бар.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН

БИЫЛ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨҢІРІНДЕ «ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» ШЕҢБЕРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ТЕГІН ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН ТАМАҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ЖОБА КЕҢІНЕН ТАРАТЫЛА БАСТАЙДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ PRIMEMINISTER.KZ.



Жоба қазақстандықтарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

2023 жылдың соңынан бері елімізде пилоттық режимде азаматтардың жекелеген санаттарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыру сияқты қызметтер іске асырылуда.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша 43 ұйым қосылды, 30 мың рецепт берілді; мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыруға – 93 ұйымға 27 мың түскі ас таратылды.

«Әлеуметтік әмиянды» әзірлеушілер аталған пилоттық жобаның сәтті тәжірибесін таратуға ниетті.

«Әлеуметтік әмиян» EGOV қосымшасында мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау құралдары мен шараларын жинақтау арқылы азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларын алуды жеңілдету

үшін жасалған. Аталған жоба арқылы мемлекеттік көмек алу және оның жүргізілу тарихын қадағалау ыңғайлы. Ваучерлер жекелеңдірілген түрде беріледі, бұл кез келген заңсыз тіркеулер жүргізу мүмкіндігін шектейді. Жыл соңына дейін аталған өнім еліміздің барлық азаматтарына ыстық тамақ пен дәрі-дәрмек бойынша қолжетімді болады деп күтілуде», — деді BTS Digital ЖШС бас директоры Нұртай Өбілғалиев.

Бұдан басқа, «Әлеуметтік әмиян» шеңберінде ақшалай қаражатты монетизациялау, мүгедектігі бар адамдар үшін техникалық оңалту құралдарын сатып алу; халықтың әлеуметтік осал топтарына ӘМАТ тізбесінен азық-түлік сатып алуда атаулы көмек көрсету; әлеуметтік осал санаттағы тұтынушылар үшін тауарлы газга ваучерлер мен ЖКМ бағасының өсуін өтеу үшін ваучерлер ұсыну бойынша пилоттық жобаны іске қосу қосымша пысықталуда.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ НӘТИЖЕСІНДЕ

ӨҢІРДЕ МАЛ САҢЫ АРТЫП, ЕТ, СҮТ ӨНДІРІСТЕРІ ӨСТІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ОБЛЫСТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫ І ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ.



«2024 жылдың алғашқы 6 айында ауыл шаруашылығы саласында 100,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 100,1% құрады. Саланы қолдау үшін республикалық және жергілікті бюджеттен 15,8 млрд теңге бөлінді. Бұл қаражат мал шаруашылығына, өсімдік шаруашылығына, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға, инвестициялық субсидияларға және басқа да субсидияларға бағытталды», — деді басқарма басшысының орынбасары Айбат Ербазиев брифингте. Мемлекеттік қолдау нәтижесінде мал басы артты: ірі қара мал саны 104%-ға, қой мен ешкі саны 100%-ға, жылқы

саны 115%-ға артты. Ет өндірісі 53 мың тоннадан, сүт өндірісі 106 мың тоннадан асып, өткен жылмен салыстырғанда 100,8%-ға өсті.

Машина-трактор паркi 272 дана техникамен жаңартылды. Ауыл шаруашылығына 8,3 млрд теңге инвестиция салынып, нақты көрсеткіштер индексі 47,2% болды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында «Ақтөбе» ӨКК-ға 14 млрд теңгеге 2 500-ден астам жоба тапсырылып, 13 млрд теңгеге 2 425 жоба мақұлданды және 11,2 млрд теңгеге екі мыңнан аса жобаға несие берілді. Несиенің басым бөлігі өңдеу және шағын бизнеске берілді.

90 ТАЛАПкер - МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ИЕГЕРІ!

3 ТАМЫЗ КҮНІ БИЫЛҒЫ МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕР ҮШІН АЙРЫҚША СӨТТІ КҮН БОЛДЫ. БҰЛ КҮНІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ ИЕГЕРЛЕРІНІҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАП, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТҚА ИЕ БОЛҒАН ТАЛАПкерлер анықталды. Биыл МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША 112 МЫҢ ГРАНТ БӨЛІНГЕН. ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІ 189 ТҮЛЕК БІТІРСЕ, ОЛАРДЫҢ 185-СІ ҰБТ-ГЕ ҚАТЫСТЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ АУДАНДАҒЫ 14 «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРІ ӨЗ БІЛІМДЕРІН ДӨЛЕЛДЕСЕ, 90 ТҮЛЕК ЯҒНИ, 48% МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ АТАНДЫ.

«Грант алу мүмкіндігі әлі де бар» - деген Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі Саясат Нұрбек грантқа ілікпей қалған түлектер мен олардың ата-аналарын әлі де үміт үзеуіне шақырды. Министр мыңдаған грант иесін құттықтай отырып, 3 мыңға дейін талапкер гранттан бас тартуы мүмкін, олар келесі жоғары балл жинаған талапкерлерге беріледі; «Жергілікті атқарушы органдардың яғни әкімдік гранттары бар;

-KazEnergy қауымдастығының гранттарын қосыңыз; -Х.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-де білім алу үшін Түркия Республикасының 500 гранты; -Жұмыс берушілердің гранттары. Түркістандағы Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті 800 мақсатты грант ұсынады; -Қазақстан халқына қоры 850 грант бөледі; -Ректорлардың гранты, мысалы Тұран-Астана университеті Алтын белгі иегерлеріне гранттар бөледу.

КӨПТОҒАЙЛЫҚТАРДЫҢ ТАРТУЫ

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА «АУЫЛ КЕШІ КЕҢІЛДІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӨНЕРПАЗДАРЫНЫҢ «ӨНІМ СЕНСІҢ, ЖЫРЫМ СЕНСІҢ - ТУҒАН ЕЛІ» АТТЫ КОНЦЕРТІ ӨТТІ.

Жаздың жылы кешінде ауыл тұрғындарының басын қосқан концертте Көптоғай ауылынан түлеп ұшқан Дастан Айғалулы, Еламан Смағұл, Ерсұлтан Нұрланұлы, Заманбек Тнеев, Әйтеке мен Айгерім сынды өнерпаздар аудан тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кеш шымылдығы Гүлжан Шатиқызының орындауындағы

халық әндерімен түрілді. Өрі қарай өнерлі жастардың халық арасында кеңінен тараған әсем әндері көпшілік көрерменнің көңілінен шығып жатты. Әуезді ән мен мың бұралған биге жалғасқан кеш барысында түрлі ойындар ойнатылып, жеңімпаздарға сыйлықтар тарту етілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЖЕКЕ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН ЖАЛҒА АЛЫНҒАН ТҮРҒЫНЖАЙ ҮШІН ТӨЛЕМДЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫ



Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру» тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Жиын тұрғын үй кезегі және тұрғын үйді жалдау мәселелеріне байланысты қоғамда жиі талқыланатын сұрақтарды түсіндіруге және насихаттауға бағытталды. «2022 жылдың 8 ақпанында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің № 60 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін төлемдердің 50%-ы мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен төленеді. Қалған 50%-ын жалға алушы өзі төлейді» - деп атап өтті облыстың Энергети-

ка және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Нұршашқан Ізбасарова. Бұл қолдау 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, және көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылар санатындағы азаматтарға арналған.

Төлем алушыларға қойылатын басты талап - халықтың әлеуметтік осал тобының біріне сәйкестігі. Жалпы, 2022 жылы 97 отбасы, 2023 жылы 235 отбасы, 2024 жылдың 6 айында 289 отбасы осы мүмкіндікті пайдаланған. Төлемдердің операторы - «Отбасы банк» АҚ.

КОНКУРС

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ШІКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ БОС ПАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАУСҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

1.Лауазымдық міндеттері: -Мекеме мүліктерінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; -Ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын белгілейді; -Қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді, күнтізбелік және ұзақ мерзімді репертуарлық жоспарларды әзірлеуді, мерекелік шараларды өткізуге арналған музыкалық, техникалық құралдар мен сахналық костюмдерді, репертуарды жалға беруді (прокат), жаңа және қайта қойылатын қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) шығаруды ұйымдастырады; -Қойылымдық топтар мен орындаушылардың құрамын, безендіру эскиздерін және макеттерін, жаңа және қайта қойылатын қойылымдардың (спектакльдер, концерттер, цирк көрсетілімдерін) жұмыс жоспарлары мен кестелерін бекітеді; -Мәдени демалыстар күнтізбелік мерекелердің сапалы ұйымдастырылуын жүзеге асырады; -Ұйымды білікті мамандармен қамтамасыз ету және олардың кәсіби білімдері мен тәжірибелерін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; -Ұйымның лауазымдық тұлғаларына жұмыстың жеке бағыттарын бөледі; -Ауылдық мәдениет ошақтарының жұмысын ұйымдастыруды бақылайды; -Жұмыс мамандардың біліктіліктерін арттыруға жағдай жасайды; -Шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді; -Бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; -Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді. Санаты: А1-3;

Конституциясын; -Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; -Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі; -Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; -Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі; -Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»; -«Мәдениет туралы»; -«Мемлекеттік мүлік туралы»; -«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»; -«Мемлекеттік сатып алулар туралы». 5.Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады: 1)конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2)мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме; 3)еркін нысанда жазылған өмірбаян; 4)білімі туралы құжаттардың көшірмесі (қосымшаларымен); 5)еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері; 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелінген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі. Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы, Көкжар б6 (Балалар кітапханасы ғимараты) мекен-жайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі). Толық ақпаратты +7 (71332) 2-20-79 телефоны бойынша алуға болады.

КОНКУРС

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧЕРЕЖДЕНИЕ «УИЛСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ВНУТРЕННИЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И СПОРТА» ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ДИРЕКТОРА «УИЛСКОГО РАЙОННОГО ДОМА КУЛЬТУРЫ» ГОСУДАРСТВЕННОГО КОММУНАЛЬНОГО КАЗЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ

1. Должностные обязанности: - Обеспечивает сохранность и эффективное использование имущества учреждения; - Устанавливает политику и стратегию деятельности БПЛА; - Организует финансовое и материальное обеспечение, разработку календарных и долгосрочных репертуарных планов, прокат репертуара (прокат), выпуск новых и переставляемых постановок (спектаклей, концертов, цирковых представлений); - Утверждает составы постановочных групп и исполнителей, эскизы и макеты декораций, планы работ и графики новых и переставляемых постановок (спектаклей, концертов, цирковых представлений); - Осуществляет качественную организацию культурного досуга;

- Бюджетный кодекс Республики Казахстан; - Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»; - Законодательство Республики Казахстан: - «Об авторском праве и смежных правах»; - «О культуре»; - «О государственном имуществе»; - «О противодействии коррупции»; - «О государственных закупках». 4. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, в срок, указанный в объявлении о проведении конкурса, представляет следующие документы: 1) заявление об участии в конкурсе; 2) резюме на государственном и русском языках; 3) автобиография в произвольной форме; 4) копии документов об образовании (с приложениями); 5) копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, либо копии приказов о приеме на работу с последнего места работы и прекращения трудового договора; 6) справка о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года №907 «об утверждении форм первичной медицинской документации организации здравоохранения» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 6697). Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, касающуюся его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендации от руководителей предыдущего места работы и т.д.). Прием документов для участия в конкурсе производится в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня опубликования объявления в средствах массовой информации. Документы принимаются лично или по почте по адресу: Республика Казахстан, Актюбинская область, Уилский район, село Уил, улица Кокжар 66 (здание детской библиотеки), (Уилский районный отдел внутренней политики, культуры, развития языков и спорта). Более подробную информацию можно получить по телефону +7 (71332) 2-20-79.

СОТТЫЛЫҚТЫҢ ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН АНЫҚТАМАНЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ АЛА АЛАДЫ

ЕНДІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE МОБИЛЬДІК ҚОЛДАНБАСЫ АРҚЫЛЫ ӨЗ БАЛАЛАРЫНА СОТТЫЛЫҚТЫҢ ЖОҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА АЛА АЛАДЫ. БҮЛ ҚЫЗМЕТ КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫ МЕН ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІ.



Пайдаланушылар анықтама форматын таңдай алады: электронды түрде немесе апостильмен қағаз түрінде. Егер сіз апостильмен анықтаманы таңдасаңыз, Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын көрсетуіңіз және мемлекеттік бажды төлеуіңіз керек. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама - талап ету орны бойынша ұсынуға, шетелге шығу кезінде визаны ресімдеуге, тұруға ықтиярхат алу үшін, ҚР азаматтығын алу, қайта алу не одан шығу үшін қажет.

3. Өтінімге Face ID/Touch ID арқылы қол қойыңыз. Нәтижені Жеке кабинет тарихында тексеруге болады. Қызмет көрсету мерзімі – 10 минут, ал қосымша тексеру қажет болған жағдайда – 5 жұмыс күніне дейін. Шетелге шығу үшін қажетті анықтамалар үшін мерзім де 5 жұмыс күніне дейін. Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы алу ұзақ уақыт бойы eGov.kz порталындағы және eGov Mobile мобильді қолданбасындағы танымал қызметтердің бірі болып қала береді. Осы уақыт аралығында ҚР азаматтары қызметке 30 миллионнан астам рет жүгінді. Жаңа функционалдық жаңарту Бас прокуратура, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ынтымақтастығы арқасында іске асырылды.

ҚЫЗМЕТТІ АЛУ ҮШІН КЕЛЕСІ ҚАДАМДАРДЫ ОРЫНДАҢЫЗ:

- 1. eGov Mobile қолданбасында авторизация жасаңыз және «Жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту» бөліміне өтіңіз. 2. «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» тармағын таңдаңыз және қажетті өрістерді толтырыңыз.


Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, «ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ОБНОВЛЕННУЮ СПРАВКУ ОБ ОТСУТСТВИИ СУДИМОСТИ МОГУТ ПОЛУЧИТЬ КАЗАХСТАНЦЫ ЧЕРЕЗ EGOV MOBILE

ТЕПЕРЬ КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ ПОЛУЧАТЬ СПРАВКУ ОБ ОТСУТСТВИИ СУДИМОСТИ НА СВОИХ ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ EGOV MOBILE. ЭТА УСЛУГА ДОСТУПНА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ И ЗАКОННЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ.

ПОЛУЧИТЬ КАЗАХСТАНЦЫ ЧЕРЕЗ EGOV MOBILE

ТЕПЕРЬ КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ ПОЛУЧАТЬ СПРАВКУ ОБ ОТСУТСТВИИ СУДИМОСТИ НА СВОИХ ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ EGOV MOBILE. ЭТА УСЛУГА ДОСТУПНА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ И ЗАКОННЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ.



Пользователи могут выбрать формат справки: в электронном виде или в бумажном с апостилем. Если вы выбираете справку с апостилем, нужно указать адрес филиала Государственной корпорации и оплатить государственную пошлину. Справка о наличии либо отсутствии судимости необходима для предъявления по месту требования, оформления визы при выезде за границу, получения вида на жительство, приема в гражданство РК, восстановления либо выхода из него. ЧТОБЫ ПОЛУЧИТЬ УСЛУГУ, ВЫПОЛНИТЕ СЛЕДУЮЩИЕ ШАГИ: 1. Авторизуйтесь в приложении eGov Mobile и перейдите в раздел «Трудоустройство и занятость». 2. Выберите «Выдача справки о наличии либо отсутствии судимости» и заполните необходимые поля. 3. Подпишите заявку с помощью Face ID/Touch ID. Результат можно проверить в истории Личного кабинета. Срок оказания услуги составляет 10 минут, а при необходимости дополнительной проверки — до 5 рабочих дней. Для справок, необходимых для выезда за границу, срок также составляет до 5 рабочих дней. Получение справки о наличии либо отсутствии судимости на протяжении долгого времени остается одной из популярных услуг на портале eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile. За всё время граждане РК обратились за услугой более 30 миллионов раз. Новое функциональное обновление было реализовано при сотрудничестве Генеральной прокуратуры, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА, Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

АДАМ САУДАСЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛҒЫ 5 ШІЛДЕДЕ «АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ, ОЛ АЛҒАШҚЫ РЕСМИ ЖАРИЯЛАНҒАН КҮННЕН KEЙІН 60 КҮНТІЗБЕЛІК КҮН ӨТКЕН СОҢ, ЯҒНИ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛҒЫ 5 ҚЫРКҮЙЕКТЕ КҮШІНЕ ЕНЕДІ.

Infographic titled 'АДАМ САУДАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ' (Purpose of Human Trafficking) and 'АДАМ САУДАСЫНЫҢ БЕАГІАЕРІ' (Forms of Human Trafficking). It lists various forms of trafficking such as forced labor, sexual exploitation, and organ donation. It also includes a section for 'Осындай қылмыстың құрбаны болмау үшін' (To avoid becoming a victim of such crimes) with preventive measures like staying informed and reporting suspicious activities.

Оның шеңберінде Қылмыстық кодекске қылмыстардың жаңа санаты - адам саудасына байланысты қылмыстар енгізіледі және «сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтер» деген жаңа ұғым, оның ішінде нақты уақыт режимінде Интернет

сол сияқты осы мақсаттар үшін жеңгетай болу; осы қызметке тарту мақсатында, сол сияқты жеңгетайлық мақсатында жезекшелікті, жыныстық сипаттағы өзге де қызметтерді насихаттау және (немесе) жарнамалау; телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернетті пайдалану арқылы жезекшелікпен айналысу, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтер көрсету және жеңгетайлық үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау. Бұл шаралар ҚК-нің 134, 308 және 309 және ҚР ӘҚБТК-нің 450-баптары бойынша ұйымдастырушыларды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Заңда жезекшелік қызметін, көмелетке толмаған адамның көрінеу көрсететін өзге де жыныстық сипаттағы қызметті алғаны үшін қылмыстық жауаптылық енгізіледі. Бұл ҚР ҚК 122-бабы

бойынша жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді. Адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша татулауға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату алынып тасталады. Қылмыстық іс жүргізу кодексі жәбірленушінің арнаулы әлеуметтік қызметтер алу құқығымен толықтырылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қамқоршылық немесе қорғаншылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар және прокуратураға жаңа туған нәрестені тастап кету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың келіп түсуі және жеткізілуі фактілері туралы хабарламағаны үшін баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын медициналық ұйымдар мен ұйымдар адамдарының лауазымы жауаптылық енгізіледі.

ОРАЛХАН БӨКЕУ

Мен бүгін ауылдан хат алдым. Тасқа басылғандай эп-әдемі тізілген жазу – бұл хатты қарындасым Мәнсия жазғанын айнытпай танытып тұр еді. Ел-жұрт, ауыл-аймақ, бота-тайлақтың амандығын айта келіп, үстіміздегі жылы аудан бойынша өсек-аяңның тым қораш болып, керісінше өлім-жітімнің көбейіп кеткенін, көрші ауылда оныншы класта оқитын қыз баланың күйеуге тиіп, оқу ісінің меңгерушісі орнынан алынып, ал мектеп директорының өскенін ғана сөз арасында айтып өтіпті. Ең соңғы жаңалық, депті үшбу хатының аяғында, біздің үйдің керіскедей көк тайыншасын Ұзақ тауының бауырында ұрлап, сойып өкеткен. Тек терісі, төрт сирағы, көзі алайған басы ғана қалған... Мал ашуы – жан ашуы деген ғой, өке-шешеміз қатты қапаланып, қайғырғаны болуға керек, үш күн сүт қатпай қара шай ішіпті. Амал не?.. Милицияға хабарлаған, әлі хабар жоқ. Көк тайыншаның орны бөлек еді-ау, қорамыздың бір бұрышы үңірейіп қалғандай болды. Енесі – көк сиыр да ұдайы үш күн мөңіреп жоқтаған екен. Есесіне ағайындар ойран-асыр, әлемдегі ең бір сүтті, қысы-жазы сауа беретін (тусын, тумасын) жылдым болар деп, үміт күтіп, болашағына сенім артып отырған «данышпан» тайыншаның айдың-күннің аманында қолды болуы, әрине, жандарын жай таптырған.

Ағымнан жарылсам, осы «суық хабарды» естіген соң көңілім жүдеп, жұмысқа бармай қалдым. Екі құлағым шыңылдап, басым айналып, көзім қарауытқандай болған соң, дәрігерге барып едім: «Жүйкең жұқарған, бір нәрсені қатты уайымдағансыз, дем алу керек», – деп шығарып салды.

Жазғы демалыста ауылға барғанымда, әлгі қолды болған көк тайыншаны алғаш рет көріп, қайран қалып едім. Қайран қалған себебім: соңғы жылдары біздің үйдің сиырлары елде бұқадан, елде ауа райының күрт өзгеруінен, себебін кім білсін, әйтеуір, шыбыштанып, ұсақтап бара жатқан. Ірі қара тұқымының осыншалық азуы, әсіресе, шешемнің жайын жегідей жейтін. Орыстардан ақ бас қызыл сиыр сатып алайық деп, ертеден қара кешке дейін өкпенің құлағына маза бермеуші еді. Расында да, желіні жер сызып, маң-маң басып, не берсең соны жей беретін, маңызды оттайтын, маңқайып күйсейтін асыл тұқымды текті сиырлар бұл ауылдың асыл арманына айналған. Ал мен жазда көрген көк тайыншаның жөні бір басқа, керіскедей-ау, керіскедей. Қайдан ғана қаңғып туылғанын кім білсін, көрші-қоландың аузының суын құртатын әдемі еді-ай жарықтық. Иә, ал енді «жарықтық» келмесе аттаныпты. Кеше түсіме кірді: ақ бас, қызыл бұзауы бар, таудан асып барады екен деймін. Артына қарап мөңіреді де, көрінбей кетті... мәңгілікке... * * *

Уақиға былай болған екен. Біздің шал әдеттегісіндей күн шықпай тұрады. Сауын сиырларын өрістен айдап қайтуға Ұзақ тауына беттейді. Қолында жүген. Кеше кешке тұсап жіберген құла аты сиырлармен бірге жайылатын. Малын түгендейді. Көк тайыншадан өзгесі өрісте жүр екен. Құла аттың тұсауын шешіп, жайдақ мініп жер шоллады. Жоқ. Бір кезде өзінің ата-бабасы жайлаған таудың ұңғыл-шұңғыл,

КӨК ТАЙЫНША

бұта-қарағанын бес саусағындай білетін ол, көк тайыншаның қарасы көрінбеген сайын, күдерін үзе бастады. Топтанып қайың өскен, сол қайыңның дәл түбінде көк тас жататын, сол көк тастың алқымынан қайнап бастау ағатын бала кезінде, сол жерді – «Апамның көк тасы» деп атапты. Үстіне тоқым төсеп, күні бойы жүн түтіп, иіріп отыратын шешесі елестейді. Енді құла аттың басын солай бұрған. Өз көзіне өзі сенбеді. Көк тас көк тайыншаның қанына былғанған. Көзі алайып, күзгі ашық аспанға тесіле қарап кесілген бас, серейіп төрт сирақ жатыр. Ұры өккі, әрі саспайтын қу болса керек, бастаудың суын лаптап, ішек-қарнына дейін аршып алған. Меншікті сиырын соғымғажыққандай-ақ, боршалап, әдемілеп сойғаны соншалық – тіпті терісіне дейін тұздап, көріп, жайып кетіпті. Шалдың жүрегі сыздап ауырды. Малым қолды болды деп емес, атаңа нәлет ұрының басынғанына, саспай мүшелеп, боқты ішегін қалдырмай, қырып-жонып өкеліп қалғанына, ит жыны ойнады. Бастаудың күзгі күні де жасанданып жататын маңайы опыр-топыр: тағалы аттың ізі түскен, соған қарағанда ұры – екеу секілді. Дегенмен, батырға да жан керек, бірі сасқалақтап жүріп, қамшысын қалдырып кетіпті. Басқа көзге ұрып, куәға тартар дерек жоқ.

Күн ұясынан көтеріліп, етекте жайрап жатқан ауыл қыбыр-қыбыр тіршілік қамына кіріскенде, жайдақ атты ұрының қамшысымен сипай қамшылап, үйіне қайтты. Бұл шақта күздің сан алуан бояуына малынған табиғат тамылжып-ақ тұр еді... Милицияға хабарлады. Өз беттерінше әрекет жасаған жоқ.

Қыркүйекте шақырған милиция қызметкері қараша біткенде келді.

Бұған да шүкіршілік, келмей қойса қайтер еді. Ауданнан күніне бір рет қатынайтын сары ала автобустан милиция формасын киген, қолтығында тері сөмкесі бар кіші лейтенант В.В. Окинков түсіп, біздің шалдың үйіне беттеді. Оның төбесі сондай-дан көрінгенде, көк тайыншаның өзі келе жатқандай қуаныштары қойнына сыймаған. Самаурына шай қойды, қазанға ет асты. Астына көрпе, шынтағына жастық төседі. Тамақ ішіп, ар жағына ел қонғанша, В.В. Окинков ләм-мим деп еш нәрсе сұрамады. Жам-бастай жатып, үйдің ішін шолды, көз қыдыртып жан-жағына қарады. Қолын тарақтап желкесіне салып, шалқасынан жатты. Көзі ілініп кетті білем, мұрны шұр ете қалып еді, сабағы бітіп, үйге екпіндей кірген Қанаттың дабыр-дұбыры оятып жіберді. «Ұйықтасаңыз, ұрыны іздеймін деп шаршадың ғой», – деді шешем.

– Сонымен, – деді В.В. Окинков, есіңеі сөмкесін ашып, – сиырларыңыз қашан жоғалды?

– Осыдан бір жарым ай бұрын, – деді өкем оған жақтырмаған кейіпте насыбайын атып (Адамдардың іс-әрекеті ішіне сыймағанда, бір шақша насыбайды бір сағатта атып қоюшы еді).

– Неге ерте хабарламадыңыз-здар?

– Хабарлағанбыз.

– Да, да... қол тимейді. Ұры



көп. Аты-жөніңіз? – деді өкеме тіктей қарап.

– Раисов Исакан.

– Ол да Раисова.

– Сіздің фамилияңыз, апа?

Шешем өкеме:

– Әй шал, айтсаңшы, – деді.

– Ол да Раисова.

– Дұрыс-сс... с... Сиырларыңыздың жасы, түсі, белгілері...

– Үш жасар, көк, құйрығы шұатылған ұзын, мүйізі әдемі, келісті біткен керіскедей.

– Тұра тұрыңыз, – деді өкемнің сөзін бөліп, – керіскедей деген белгі болмайды. Кім ұрлап сойды деп ойлайсыз?

– Шырағым-ау, кімнің ұрлағанын білсем, сендерден көмек дөметіп нем бар?

– Дұр-ы... с... ссс... іздейміз, табамыз. Шеше, тағы бір кесе шай құйып жіберіңізші. Автобустан қалып қоймай тұрғанда қайтайын, асығыспын, жұмыс көп, ұрылар одан да көп.

Қанат В.В. Окинковты иттен шығарып салды.

Жарықтық күз шолтаң қайрылып, қыс келді. Биыл тіпті асығыс келді. В.В. Окинковтан хабар-ошар жоқ.

Жаңа жыл есік қағып, қапалақ-капалақ қар жауды. В.В. Окинковтан сыбыс білінбеді. Тек, февраль айын орталап, Алтайдың қақаған суығы мал мен жанды қысып тұрған шақта ғана аппақ дүниенің арасынан В.В. Окинковтың төбесі қараңдаған. Көк тайынша тарихын өздері баяғда ұмышып, құрысыншы, от пен суға қарап отырған жоқпыз ғой, «ақсағын қойып сауын бағайы» деп, тұбеге келген бейбіт тіршіліктерін бұзғанына реніш білдірген.

Шай қойылды. Ет асылды. В.В. Окинков соғымның етін, әсіресе жылқының етін, жақсы жейді екен. Құрт қосқан сорпаны сарқа ішіп, қолын сүртіп болған соң, көзі ілініп, қалғи бастады. Осы Қанаттың жүрген жері оңбайды, әсіресе, қыста ойбайлап ашылатын қырау тұтқан есікті жұлқа тартып кіріп келмесі бар ма... В.В. Окинков сасқалақтай атып тұрып, тапаншасына жармасты. Шешем: «Ойбай, көтек!» – деп, бетін басып отыра қалды. Өкем шақшасын қаққылап: «Әй, кемпір, насыбай бітіп қалыпты ғой», – деп шыны сауытты домалата салды.

– Фамилияңыз, яғни аты-жөніңіз? – деді есінеген Окинков қағаз-қарындашын ыңғай-

лап.

– Раисов Исакан.

– Жасыңыз?

– Алпыс үштемін.

– Ұлтыңыз?

– Қазақпын! – Өкем бұл сөзді нығыздай айтты. Милиционер енді шешеме шұқшия қарады.

– Аты-жөніңіз, жасыңыз, ұлтыңыз?..

– Құдай-ау, өнеугүні айтып едім ғой.

– Тағы да қайталаңыз. – Шышып ояңған соң ба, бас терісі келіспей, қатаң ұстады өзін.

– Раисова, жасы 65-те, – деп, кемпірінің орнына тағы да өкем жауап бере бастап еді, милиционер көнбеді.

– Өзі айтсын. – Шешем сасқалақтады.

– Құдай-ау, қайын атамның атын қалай атаймын... Әй, шал... Тайыншамыз керіскедей, аузымызды аққа жарытайын деп тұрған асыл тұқымды мал еді, – деп, шешем зарлай жөнеліп еді, оны В.В. Окинков тоқтатып тастады.

– «Керіскедей» деген белгі болмайды.

– Алғаш келгеніңде ұмытып кетіпін, шырағым, ұрының орнында ұмытылып қамшысы қалыпты. Міне, – деп сегіз өрім, тобылғы сап қамшыны Окинковтың алдына тастады. Ол қамшыны ары айналдырып, бері айналдырып қарап отырды да: – Бұл ауылда не көп – қамшы көп және бір-бірінен айнамайды, – деп өкеме қайтарып берді. Бұдан соң: «Іздейміз, табамыз», – деді де, орнынан асығыс көтеріліп, Оны Қанат иттен шығарып салды.

Қыс өтіп, жазғытұрымның қара қақтағы келді. Ойдағы қар жылбысқалана еріп, қалғаны тау бөктерінде күн санап көбіктене мүжіліп жатқан, түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз деп аталар ала-құла шақ еді. Біздің үй бір қалыпта тіршілік кешіп, біреуден кейін, біреуін ілгері күн көрісімен, ертеңгі атар таң, татар дөмімен дөмелі күй кешіп жатқанды. Көк тайыншаны да, көк сөмкелі В.В. Окинковты да ұмытқалы қашан, «тәңірім, бермей-ақ қой, бірақ қолда барын ала көрме» дегендей, қалғанды қанағат көңілмен көктемді қарсы алған. Міне, осындай жазға салымның уайым-қайғысыз бір тыныш күнінде, алдыңғы күні туған мұқыр мүйіз қызыл

сиырының уызын жеп, жайбарақат сорпа, шай ішіп, оңашадан оңаша өздері ғана шүйір-келесіп отырған қоңыр кеште, ағаш үйдің есігі сыңсып ашылды. Ғажабы, есік көзіндегі аса сақ ала мойнақ, төрт көз ит те шәу деп үрмеген. Тегі, еті үйреніп қалса керек. Алғашында көршілердің бірі шығар деп, алаңсыз көңілмен ешқайсысы да елемей тамақтарын іше беріп еді. «Есенсіздер ме» деген дауыстан бастарын көк-жең еткізіп оқыс көтерісті. Осы мезетте В.В. Окинков та дүрс-дүрс басып төрге оза берген. Сәлемін өкем ғана алды. Ал шешем болса «құдай-ай, тағы да Өкімқов қой» деп, қолындағы кесесін шайымен төңкері салып, шегініп кетті.

– Ауданыңда не жаңалық? – деді өкем арада орнаған тыныштықты бұзайын деген ойменен.

– Аманшылық, ақсақал... Көк тайынша табылған жоқ па?..

– Соны сенен сұрайын деп едік. – Шешем бұл сөзді шаптыға айтты.

– Іздейміз, табамыз. Жұмысбасты болып көпке дейін келе алмадым. Көрші ауылдарыңыздағы бір семья соғымның етін ұрлапты. Соны іздеп әрең тауып бердік. Сөйтсем, өзі жоқта үйде қалған әйелі күнде асып жей берген соң, күйеуі шөптің астына тығып тастаған екен... әй, қазақтардан бәрі шығады...

– Ол оқпағаны мен де естігенім, етті сен емес, иті тауып алған, – деді шешем қарап отырмай. Ас ішіп, көңілі жайланған соң В.В. Окинков:

– Ал, басынан қайта бастайықшы өзі, – деп қағаз-қарындашын суырды. – Аты-жөніңіз, көк тайыншаның жасы, түр, түсі...

Өкем жарықтық шыдамды адам еді ғой, Окинковты осы әзірде ғана көріп отырғандай, бастан-аяқ тәптіштеп шықты.

– Дұр-ры-ы-с-с, – деді милиционер енді шешеме бұрылып, – енді сізге келейік. Фамилияңыз...

Қызық басталды. Бағанадан бері өз тізесін өзі тоқпақтағандай, әрең отырған кемпір шорт кетті.

– Әй, Өкемков, – деді ызадан жарылардай болып. – Өз тайыншамызды өзіміз ұрлағандай бізді тергегенің не осы?! Міне, жеті ай болды әлдеқашан сүйегіне қына бітіп кеткен ата-бабамыздың аруағын қозғап, пәмилиямды сұрай бересің ғой. Сен келген сайын басымның сақинасы ұстайды. Көк тайынша да, сен де құры. Кет өзің, жынымды ұстатпай!

В.В. Окинков үндеместен орнынан тұрды да есікке беттеді. Босағада тұрған қалпында сөмкесін ақтарып, өкем жазған өтініш қағазды алды.

– Арыздарың. Енді өзің жоғалсаң да, бұл үйге келмесің, – деді шешеме.

– Өдірем қал. Мені құдайдан басқа ешкім ұрлай алмайды. Сөйтіп, бұл үй милициясыз қалды. Осы күннің ертеңінде бастауыш класқа сабақ беретін өлкем – Аймаң ұры ұмыт қалдырған қамшыны қолына ұстап шығады. Мектепке барған соң, әр класқа кіріп: «Кәне, балалар, мына қамшыны танытындарың бар ма?» – деп, бас-басынан сұрайды. Үшінші класқа кіргенде, мұрнын үнемі жеңімен сүртіп отыратын қара ұл: «Ой, мұғалима, бұл папамның қамшысы. Былтыр жазда ағам өріп берген», – деп орнынан ұшып түре-

геледі. Иә, жеті ай милиционер іздеген ұры, жеті минута табылады. Бірақ баяғыда ұмытылып, садақаға шалып қойған көк тайынша дауын дабыралаудың реті ешбір болмақ сорпа, шай ішіп, оңашадан оңаша өздері ғана шүйір-келесіп отырған қоңыр кеште, ағаш үйдің есігі сыңсып ашылды. Ғажабы, есік көзіндегі аса сақ ала мойнақ, төрт көз ит те шәу деп үрмеген. Тегі, еті үйреніп қалса керек. Алғашында көршілердің бірі шығар деп, алаңсыз көңілмен ешқайсысы да елемей тамақтарын іше беріп еді. «Есенсіздер ме» деген дауыстан бастарын көк-жең еткізіп оқыс көтерісті. Осы мезетте В.В. Окинков та дүрс-дүрс басып төрге оза берген. Сәлемін өкем ғана алды. Ал шешем болса «құдай-ай, тағы да Өкімқов қой» деп, қолындағы кесесін шайымен төңкері салып, шегініп кетті.

– Ауданыңда не жаңалық? – деді өкем арада орнаған тыныштықты бұзайын деген ойменен.

– Аманшылық, ақсақал... Көк тайынша табылған жоқ па?..

– Соны сенен сұрайын деп едік. – Шешем бұл сөзді шаптыға айтты.

– Іздейміз, табамыз. Жұмысбасты болып көпке дейін келе алмадым. Көрші ауылдарыңыздағы бір семья соғымның етін ұрлапты. Соны іздеп әрең тауып бердік. Сөйтсем, өзі жоқта үйде қалған әйелі күнде асып жей берген соң, күйеуі шөптің астына тығып тастаған екен... әй, қазақтардан бәрі шығады...

– Ол оқпағаны мен де естігенім, етті сен емес, иті тауып алған, – деді шешем қарап отырмай. Ас ішіп, көңілі жайланған соң В.В. Окинков:

– Ал, басынан қайта бастайықшы өзі, – деп қағаз-қарындашын суырды. – Аты-жөніңіз, көк тайыншаның жасы, түр, түсі...

Өкем жарықтық шыдамды адам еді ғой, Окинковты осы әзірде ғана көріп отырғандай, бастан-аяқ тәптіштеп шықты.

– Дұр-ры-ы-с-с, – деді милиционер енді шешеме бұрылып, – енді сізге келейік. Фамилияңыз...

Қызық басталды. Бағанадан бері өз тізесін өзі тоқпақтағандай, әрең отырған кемпір шорт кетті.

– Әй, Өкемков, – деді ызадан жарылардай болып. – Өз тайыншамызды өзіміз ұрлағандай бізді тергегенің не осы?! Міне, жеті ай болды әлдеқашан сүйегіне қына бітіп кеткен ата-бабамыздың аруағын қозғап, пәмилиямды сұрай бересің ғой. Сен келген сайын басымның сақинасы ұстайды. Көк тайынша да, сен де құры. Кет өзің, жынымды ұстатпай!

В.В. Окинков үндеместен орнынан тұрды да есікке беттеді. Босағада тұрған қалпында сөмкесін ақтарып, өкем жазған өтініш қағазды алды.

– Арыздарың. Енді өзің жоғалсаң да, бұл үйге келмесің, – деді шешеме.

– Өдірем қал. Мені құдайдан басқа ешкім ұрлай алмайды. Сөйтіп, бұл үй милициясыз қалды. Осы күннің ертеңінде бастауыш класқа сабақ беретін өлкем – Аймаң ұры ұмыт қалдырған қамшыны қолына ұстап шығады. Мектепке барған соң, әр класқа кіріп: «Кәне, балалар, мына қамшыны танытындарың бар ма?» – деп, бас-басынан сұрайды. Үшінші класқа кіргенде, мұрнын үнемі жеңімен сүртіп отыратын қара ұл: «Ой, мұғалима, бұл папамның қамшысы. Былтыр жазда ағам өріп берген», – деп орнынан ұшып түре-

adebiportal.kz

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1206 дана. Тапсырыс 997 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ОЙЫЛ АУЫЛЫН АБАТТАНДЫРУ МЕН САНИТАРЛЫҚ-ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ, АУДАНДЫҚ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ЖЕТЕКШІСІ ЖАН-ГҮЛ ІЗҒАРИНА «TAZA QAZAQSTAN» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛІП ЖАТҚАН «ТАЗА БЕЙСЕНБІЛІК» АКЦИЯСЫ БОЙЫНША, ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӨКІМІ АРТУР СӘРСЕНБАЙҰЛЫМЕН БІРГЕ, АУДАН ОРТАЛЫҒЫНЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ТАЗАЛЫҒЫНА ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖАСАДЫ.

Бақылау барысында, аудан орталығының санитарлық-тазалық жұмыстары уақытылы жүргізілуі туралы және тұрғындар тарапынан депутаттық қабылдауларда түскен өтініш бойынша қоқыстарды дер кезінде шығару, түйіп-тазалу жұмысында Ойыл ауылдық округінің өкімі Ойыл, Артур Сәрсенбайұлының тарапынан жіті бақылаумен тазалыққа барлық қоғамдық қызметтегі жұмысшы топ та, техникалар да, ауданның санитарлық тазалығына өте белсенді жұмылдырылатынын жеткізді. Сонымен қатар Ойыл ауылдық округінің арнайы техникаларын жұмылдыра отырып жоғарыда көрсетілген орын-

дарды қоқыс қалдықтарынан тазалау жұмыстарын жүргізетінін айтып өтті. Ойыл ауылдық округінің өкімі Артур Сәрсенбайұлына санитарлық тазалыққа байланысты ұсыныстарымызды айтып, ауданды абаттандыру бағытындағы депутаттық бақылау жалғасын табатынын жеткізді. Ауданымыздың санитарлық тазалығын жақсартуда және келбетін абаттандыруда ауыл тұрғындар да өз жауапкершілігін сезініп, бұл бағыттағы жұмыстардың барлығымызға ортақ екенін ұғынып, санитарлық тәртіп пен тазалықты сақтауға барынша атсалысу қажет!



НЕҒҰРПЫМ АЗ ТҰТЫНСАҢЫЗ, СОҒҰРПЫМ КӨП ҮНЕМДЕЙСІЗ!

ҚАЗАҚСТАНДА СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫНДА 2024 ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНАН БАСТАП СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ЖАҢА ТАРИФТІК ЖҮЙЕ ЕНГІЗІЛДІ. «ТҰТЫНУДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАРЫ» АЯСЫНДА СУДЫ ТҰТҚЫН ДЕҢГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӨРТ ДЕҢГЕЙЛІ ТАРИФ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛАДЫ.



Бұл жүйе «Неғұрлым аз тұтынсаңыз, соғұрлым көп үнемдейсіз» қағидатына негізделген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті басшысы Ерлан Дүйсен мәлімдеді. «Бірінші топқа тұтыну көлемі 3 текше метрге дейінгі адамдар жатады, бұл топта қолданыстағы тариф сақталады. Екінші топта тұтыну көлемі 3-тен 5 текше метрге дейін болса, тариф 20%-ға жоғары болады. Үшінші топта 5-тен 10 текше метрге дейінгі тұтыну үшін тариф 50%-ға жоғарылайды. Ал төртінші топта, яғни 10 текше метрден асатын көлемде екі еселенген тариф қолданылады», - деді департамент басшысы. Бұл шараның мақсаты – суды үнемдеу және тиімді пайдалану.

Қосымша табыс жабдықтар мен желілерді жаңғыртуға, реконструкциялауға және негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалыады. Осылайша, тұрғындар суды үнемдеп қана қоймай, коммуналдық қызметтерге шығындарын азайтуға мүмкіндік алады. Ақтөбеліктер бұл жаңа жүйенің артықшылықтарын ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап қолдана алады. 1 тамыздан бастап енгізілетін тарифтер мынадай болады: - 1-кіші топ (3 текше метрге дейін): 129,89 теңге/м³ ҚҚС-мен. - 2-кіші топ (3-тен 5 текше метрге дейін): 155,86 теңге/м³ ҚҚС-мен. - 3-кіші топ (5-тен 10 текше метрге дейін): 194,83 теңге/м³ ҚҚС-мен. - 4-кіші топ (10 текше метрден асатын көлем): 259,77 теңге/м³ ҚҚС-мен.

ТАУАР БЕЛГІСІ — АЙМАҚТЫҢ АТЫН ШЫҒАРАДЫ

Қазақстан Республикасының «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық белгілер және тауарлардың шығарылған жерінің атаулары туралы» Заңына сәйкес географиялық нұсқама дегеніміз - географиялық объектінің аумағынан шығарылатын, белгілі бір сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамалары едәуір дәрежеде оның географиялық шығу те-

мімен байланысты тауарды сәйкестендіретін белгілеме. Мысалы, Парма (Италия) аймағынан Пармезан ірімшігі, Башқұрт балы және т. б. Біздің өңірде, мысалы, Ойыл тарысы, Шалқар еті, шұбаты, Мәртөк сүті, балы, Ақтөбе торты және т. б. географиялық нұсқаманы тіркеуге болады.

Ақтөбе облысы әділет департаментінің баспасөз қызметі

ТОВАРНЫЙ ЗНАК — ЧЕСТЬ РЕГИОНА



Согласно Закона РК «О товарных знаках, знаках обслуживания, географических указателях и наименованиях мест происхождения товаров», географические указания - обозначение, идентифицирующее происходящий с территории географического объекта товар, определенное качество, репутация или другие характеристики которого в значительной степени связа-

ны с его географическим происхождением. Например, сыр Пармезан из региона Парма (Италия), Башкирский мед и т.д. В нашем регионе, к примеру, можно зарегистрировать Уилское тары, Шалкарское мясо, шубат, Мартукское молоко, мед, Актюбинский торт т.д.

Пресс-служба департамента юстиции Актюбинской области

ЖАҢА МІНДЕТТІҢ ЖҮГІ — БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі. Жыл сайын жазғы каникул уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына танып білу, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлерін арттыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды. Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез-келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді.

Құрман орта мектебінде балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдаланып сауықтырылуын және шығармашылық дамуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы тамақпен қамтылатын лагерь және мектеп жанындағы «Жарқын жаз» демалыс алаңы ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді. Лагерьдің жұмыс регламенті, жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген ер оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді.

Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры аясында 5 оқушы Ақтөбе қаласындағы «Garnit», 7 оқушы Түркістан қаласындағы «Қуаныш» лагерінде демалды.



Б. АМАНБАЕВА, Құрман орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ КЕРЕК?



Егін орағы да ауыл шаруашылық жұмыстарының маңызды кезеңі. Бұл уақытта да негізгі міндеттердің бірі - қауіпсіздік! Өйткені, өрт егін мен ауыл шаруашылық техникаларына үлкен зиян келтіреді. Сондықтан, алқаптағы өрттің алдын алу үшін келесі талаптарды орындау қажет:

1. Масақты алқаптарды пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 м жолақ шабылып, жыртулыуы тиіс.
2. Денді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 га аспайтын учаскелерге бөлуден басталуы тиіс, учаскелер арасында ені кемінде 8 м шалғылар жасалуы тиіс. Шалғы жолының ортасында ені кемінде 4 м жырту жасалады.
3. Жиналатын астық алқаптарына тікелей жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқа дайын болуы қажет.
4. Жинау комбайндарын және жем-шөп жинау машиналарын пайдалану кезінде механикалық және жылу зақымдануы мүмкін жерлерде электр сымдарын бекіту және оларды қорғау сенімділігінің болуын тексеру қажет. Үйкелістің пайда болуын болдырмау үшін айналмалы бөліктердің бекітілуін бақылаңыз, мойынтіректердің қызып кетуіне жол бермеңіз және оларды уақтылы майлаңыз. Жанудың басталуын уақтылы анықтау және сөндіру үшін шаралар қабылдау үшін комбайнды, машинаны және өсіресе олардың ізін жүйелі түрде бақылаңыз.
5. Сабан себетін тросты талшықтармен жұмыс істейтін тракторлардың ұзындығы кемінде 12 метр Тростар

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҒАЙ ЖҮЙЕСІ 2024 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҒАЙ ЖҮЙЕСІНДЕ ШАМАМЕН 5,8 МЛН ЕҢБЕК ШАРТЫ ТІРКЕЛГЕН.



Оның 1,9 миллионы 2024 жылы тіркелсе, 5 мыңнан астамы HR Enebek порталында электрондық форматта жасалды, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. HR Enebek порталының функционалдығы кеңейіп, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Мәселен, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап зиянды жұмыстарда істейтін адамдар үшін арнайы әлеуметтік төлем тағайындау, еңбек шартын бұзу және жеңіл жұмысқа ауыстыру мүмкіндігі енгізілді. Бүгінгі күнде HR Enebek порталында бұл бағыт

бойынша мүмкіндіктер арта түсті. Жұмыскерлер төлемнің алдын ала есептеулерін жүргізе алады, ал жұмыс берушілер тиісті деректерді көріп, қажет келісімдерді тіркей алады. Жеке кабинетте жұмыс берушілер үшін төлемдер күнтізбесі қолжетімді. Сондай-ақ, "Еңбек жағдайлары" анықтамалығы кеңейтіліп, жұмыс берушілер өндірістер мен кәсіптер тізіміне сәйкес еңбек шарттарын тіркей алады. 2024 жылғы 7 маусымнан бастап шетелден келген еңбекші көшіп келушілермен электрондық форматта еңбек шартын жасасу мүмкіндігі пайда болды.

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Тілеужанқызы Рысбаеваға апасы **Жеміс Сағынайқызының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, музей ұжымы көңіл айтады.